

**"Инновациялық технологиялар паркі" дербес кластерлік қорының Басқарушы комитетінің құрамы мен ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 33-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 23 маусымдағы № 105-ө өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2024 жылғы 23 шілдедегі № 103-ө Өкімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 23.07.2024 № 103-ө Өкімімен.**

"Инновациялық технологиялар паркі" дербес кластерлік қорының Басқарушы комитетінің құрамы мен ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 33-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген "Инновациялық технологиялар паркі" дербес кластерлік қорының Басқарушы комитеті туралы ережеде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Басқарушы комитеттің айрықша құзыретіне:

1) Қор жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) Қордың жылдық және орта мерзімді бюджеттерін бекіту;

3) Қордың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту;

4) Қордың сыртқы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

5) осы Заңға және Қор жарғысына сәйкес өзге де өкілеттіктер жатады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Басқарушы комитеттің құрамына құрылтайшының өкілдері, педагогтер және ғылыми қызметкерлер, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, сондай-ақ өзге де адамдар кіреді."

*Премьер-Министр*

*Ә. Смайылов*